

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ		
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2022 жылғы « <u>21</u> » <u>02</u> №2 редакция	Е 029-03-02-02.1.03-2022	

**Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ
ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ туралы
ЕРЕЖЕ**

Е 029-03-02-02.1.03-2022


Алматы 2022

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылым департаментінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бөлімінің бастығы

« 14 » 02 2022 ж.



М. Хведелидзе

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – ғылым және
халықаралық ынтымақтастық жөніндегі
проректор


« 21 » 02 2022 ж.



А. Шокпаров

Ғылым департаментінің директоры

« 17 » 02 2022 ж.



Ж.Бақтығали

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы


« 17 » 02 2022 ж.



А. Сауранбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы

« 16 » 02 2022 ж.



Т. Абуkenов

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы

« 14 » 02 2022 ж.



Ж. Оракбаева

3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ» Басқармасының 2022 жылғы «21»
02 № 2 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2022 жылғы _____ №__ редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Постдокторантураға талапкерлердің құжаттарын қабылдау тәртібі	5
4 Постдокторантураға конкурс өткізу тәртібі мен критерийлері	6
5 Постдокторантураға қабылдау тәртібі	7
6 Постдокторантураға өту қағидалары	7
7 Постдокторантураны жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар	8
8 Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын бекіту	9
9 Постдокторанттың аралық және қорытынды аттестациясына қойылатын талаптар	10
10 Постдокторанттың құқықтары мен міндеттері	12
11 Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі туралы	13
12 Қосымшалар	14
Өзгерістерді тіркеу парағы	17

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіндегі постдокторантура бағдарламасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) ғылыми білімді тереңдетуге, жетекші ғалымның басшылығымен мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған постдокторлық бағдарламаларды іске асыру тәртібін, сондай-ақ Университетте постдокторанттарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби ғылыми бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін және постдокторантураға қабылдау тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың бизнес-процесіне тартылған барлық құрылымдық бөлімшелер (кафедралар, институттар, ғылыми, қаржылық бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті.

1.3 Осы Ережеде келесідей негізгі ұғымдар қолданылады:

Докторантура – 2013 жылдан бастап PhD докторы дәрежесін алған немесе оған теңестірілген ғалым орындайтын, мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу іс-шараларының кешені болып табылатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нысаны;

Постдокторант (постдок) – постдокторантураға қабылданған тұлға.

1.4 Постдокторантураның мақсаты:

– университеттің ғылыми мектептерінің қалыптасуы мен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындау;

– Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттары бойынша перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу және Университеттің ғылыми қызметін әлемдік деңгейге шығару үшін Университетке конкурстық негізде неғұрлым талантты жас зерттеушілерді тарту болып табылады.

1.5 Постдокторантура бағдарламасы келесі қызмет түрлерін қамтиды:

– постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын;

– аралық және қорытынды аттестаттауды.

1.6 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірлік кафедралар, институттар және ғылыми-зерттеу институттары болып табылады. Постдокторантура талаптарының университет деңгейінде орындалуын үйлестіруді және бақылауды Университеттің Ғылым департаменті жүзеге асырады.

1.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби постдокторлық бағдарламаларын іске асыру кафедралардың, институттардың және ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми зерттеулерінің бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже ҚР 2018 жылғы 04 шілдедегі №171-VI Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 23-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БЖҒМ) нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

3 ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

3.1 Постдокторантура бағдарламасына келесі критерийлерге сәйкес келетін зерттеушілер шақырылады:

– ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесінің болуы және 2013 жылдан бастап диссертация қорғаған немесе докторантура бағдарламасының (докторанттың докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергендігін растайтын ЖЖОКБҰ-дан анықтама) толық курсын бітірген тұлға болу. Докторантура бағдарламасының толық курсын аяқтаған докторант постдокторантураға қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап 12 ай ішінде қорғауға міндетті.

- шет тілін білу;

– соңғы 3 жылда үш тармақтың біреуінің жарияланымдары болған жағдайда:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда немесе Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері немесе CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші) Scopus деректер базасында кемінде 25 (жиырма бес), Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы мақалалар саны 3 (үш) құрайды;

2) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар журналда 1 (бір) мақала немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 25 (жиырма бес) процентиль көрсеткіші және JCR базасының алғашқы үш квартиліне кіретін журналдағы 1 (бір) мақала немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентиль көрсеткіші болған жағдайда, Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда мақалалар жариялау талап етілмейді;

3) JCR базасының бірінші квартиліне кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда, басқа жарияланымдар талап етілмейді;

- гранттық, бағдарламалық-мақсатты және шаруашылық шарттық қаржыландырудың ғылыми бағдарламаларын орындау кезінде ғылыми қызмет процестеріне қатысу тәжірибесі.

3.2 Постдокторантураға үміткерлер постдокторант лауазымына орналасу конкурсына қатысу үшін келесідей құжаттарды ұсынады:

- өтінім (1-қосымша);
- жеке куәліктің көшірмесі;
- ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі туралы дипломның көшірмесі;
- түйіндеме (2-қосымша);
- зерттеу қызметінің жоспары (3-қосымша);
- ғылыми жұмыстар тізімі;
- Scopus деректер базасынан автор туралы мәліметтер және/немесе Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасынан дәйексөз бойынша есеп. Автор туралы мәліметтер мен дәйексөз туралы есепте келесідей ақпарат болуы тиіс: жарияланымдар саны, Хирш индексі (h-индекс), дәйексөздердің жиынтық (жалпы) саны;
- патенттердің, авторлық куәліктердің көшірмелері;
- кафедрадан/институттан/орталықтан/зертханадан «постдокторант» лауазымын ашу қажеттілігін және оның шеңберінде постдокторант өзінің ғылыми қызметін жүзеге асыратын жобалардың болуы негізге ала отырып жазылған өтінім;
- постдокторантураға қабылдау туралы өтінім берген тұлғаға кафедраның/институттың/орталықтың/зертхананың ұсынымы (қолдаухаты);
- үміткердің ғылыми қызығушылықтары мен постдокторантураға түсу мақсаттарын жоспар-негіздеме (жеке өтініш).

3.3 Постдокторантураға құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бағдарламаның өту мерзімі постдокторантураға қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап жүргізіледі.

3.4 Шетелдіктерді постдокторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

4 ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

4.1. Конкурс өткізу үшін Басқарма төрағасы-университет ректорының бұйрығымен Сараптау комиссиясы құрылады, оның құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері және Университеттің жетекші ғалымдары кіреді.

4.2 Сараптау комиссиясы келесі критерийлер негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктейді:

- үміткердің конкурстың формальды талаптарына сәйкестігі;
- жарияланым белсенділігі және ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігі;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежесі;
- магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету немесе тең жетекшілік ету тәжірибесі;

- кандидаттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі дербестік дәрежесі.

Іріктеу кезінде, басқа тең жағдайларда басымдық ең жоғары ғылыми метрикалық көрсеткіштері бар (импакт-фактор, SJR, квартиль) журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі.

5 ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1 Постдокторантураға қабылдау Сараптау комиссиясының постдокторантураға үміткерлердің жеке ғылыми жетістіктері конкурсының нәтижелері бойынша оң шешімі негізінде постдокторантураға қабылдау жоспарында көзделген орындар санына сәйкес Басқарма төрағасы-университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

6 ПОСТДОКТОРАНТУРАДАН ӨТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

6.1 Постдокторантура бағдарламасына өтудің нормативтік ұзақтығы 3 жылды құрайды.

6.2 Постдокторант отандық және шетелдік ғылыми кеңесшінің басшылығымен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер институттардың Ғылыми кеңестерінің қолдау хаттары бойынша қабылданған кезден бастап бір ай ішінде Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен бекітіледі.

6.3 Ғылыми кеңесшінің ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор ғылыми атағының болуы, осы зерттеу саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 3 жарияланым болуы және техникалық мамандықтар үшін Хирш индексі кемінде 3 болуы тиіс.

6.4 Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге және бекітуге қатысады, оның зерттеу жұмысына жетекшілік етеді.

6.5 Постдокторантурадан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне есептеледі.

6.6 Постдокторантура бағдарламасының аяқталуының негізгі критерийі қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады.

6.7 Постдокторант жетекші ғылыми орталықтарда зерттеулер жүргізу үшін постдокторантурадан өту кезеңінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге құқылы.

7 ПОСТДОКТОРАНТУРАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Постдокторантураға қабылданған үміткер постдокторант мәртебесін алады.

7.2 Постдокторанттың педагогикалық қызметпен айналысуға құқығы бар, бұл ретте педагогикалық жүктеме көлемі 0,5 ставканы құрауы тиіс. Постдокторанттың педагогикалық жүктемесіне көлемі 5 ESTS-тен аспайтын бір пән (магистратура мен докторантураның оқу жоспарының пәні, оқыту тілі - ағылшын тілі) және дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекшілік ету кіреді.

7.3 Постдокторант белгіленген тәртіпте университеттің оқу-материалдық базасын, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын және ақпараттық қорын пайдалануға құқылы, қажет болған жағдайда Жас ғалымдар үйінде тұруға және медициналық қызмет көрсетуге жағдай жасалады.

7.4 Постдокторант қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

7.5 Постдокторантқа жыл сайын ұзақтығы 56 (елу алты) күнтізбелік күн демалыс беріледі.

7.6 Постдокторантура қызметін ұйымдастыру жауапкершілігі ғылыми кеңесшіге, кафедра меңгерушісіне, институт директорына және ҒЗИ директорына жүктеледі. Бақылауды Ғылым департаменті және Ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор жүзеге асырады.

7.7 Постдокторантураны сәтті аяқтаған тұлғалар бұрын атқарған лауазымына оралуға құқылы.

7.8 Постдокторанттарды даярлайтын кафедралардың жоғары ғылыми өлшем көрсеткіштері бар ғалымдардың болуымен, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалардың іске асырылуымен расталған жоғары ғылыми әлеуетінің болуы, қалыптасқан ғылыми мектептердің болуы, сондай-ақ жетекші шетелдік университеттермен, аккредиттелген ғылыми орталықтармен ғылыми байланыстардың болуы және жетекші шетелдік мамандарды ғылыми ынтымақтастыққа және басшылыққа тартуы тиіс.

7.9 Постдокторантура әлемдік ақпараттық ресурстарға, кітапхана қорлары мен деректер базасына, компьютерлік технологияларға және т.б. еркін қолжетімділікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

7.10 Постдокторантураның ғылыми-зерттеу бағдарламасы:

- қаржыландырылатын іргелі, қолданбалы және басқа да мемлекеттік бюджеттік және шаруашылық келісімшарттық жобалар, зерттеудің бастамашыл бағыттары шеңберінде орындалуы;

- өзекті болуы, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамтуы;

- отандық және шетелдік ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

- жаңа технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемесін қолдануы тиіс.

7.11 Кафедралар ғылыми қоғамдастық пен индустрия өкілдері үшін постдокторанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін таныстыруды көздейтін тұрақты қолданыстағы ғылыми-практикалық семинарлардың бағдарламаларын іске асыруы тиіс (қажет болған жағдайда).

7.12 Постдокторант жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар қатарынан ғылыми топ құрады және постдокторантураны аяқтаған кезде университеттің қолдауымен өзінің зерттеу бағытын одан әрі дамыту, университетте ғылыми жобаларды іске асыру үшін ғылыми-техникалық база мен зерттеу ортасын құрады.

8 ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН БЕКІТУ

8.1 Постдокторант оқуға қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді, ол келесідей бөлімдерді қамтиды:

- ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспарын;
- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар жоспарын;

- шетелдік іссапарлар (конференцияларға қатысу) жоспарын.

8.2 ПЖЖЖ кафедра меңгерушілері мен институт директорлары бекітеді.

8.3 ПЖЖЖ постдокторантура бағдарламасынан өту үшін негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын нақтылануы мүмкін.

8.4 Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары постдокторантура бағдарламасын меңгерудің барлық кезеңіне жылдар бойынша бөле отырып жасалады.

Жұмыс жоспарында ғылыми зерттеу тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Постдокторанттың ғылыми жарияланымдар жоспары жарияланымдардың үлгі тақырыбын, жұмыстарды жариялау жоспарланған ғылыми басылымдардың атауларын, жарияланымдармен жұмыс істеу мерзімдерін қамтуы тиіс.

8.5 Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

8.6 Постдокторанттардың ғылыми қызметіне мониторинг ұйымдастыру мақсатында постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы кафедрада, сондай-ақ постдокторанттың жеке ісінде Ғылым департаментінде сақталады.

8.7 Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының уақтылы жасалуына, бекітілуіне және толық орындалуына постдокторант, ғылыми кеңесшілер және кафедра меңгерушісі жауапты болады.

9 ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Постдокторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестаттау түрінде бақылау жүргізіледі.

9.2 Аралық аттестаттау нәтижелері негізінде постдокторантурадан өтуді жалғастыру немесе тоқтату туралы шешім шығарылады.

9.3 Постдокторанттың ҒЗЖ нәтижелерін аралық аттестаттау жыл сайын кафедра мен институттың Ғылыми кеңесінің отырысында Ғылым департаменті қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі және постдокторантта төмендегілер болған жағдайда жүзеге асырылады:

- *бірінші жылдың нәтижелері бойынша:*

Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасындағы бірінші, екінші немесе квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда баспадан кемінде 1 (бір) мақала (шолу) немесе letters of acceptance (мақаланы қабылдау туралы хат) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар немесе Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБССҚК тізбесі) ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 1 (бір) мақала және (немесе) шолу;

- *екінші жылдың нәтижелері бойынша (бірінші жылға қосымша):*

Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасындағы бірінші, екінші немесе квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда баспадан кемінде 1 (бір) мақала (шолу) немесе letters of acceptance (мақаланы қабылдау туралы хат) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар немесе Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБССҚК тізбесі) ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

- *үшінші жылдың нәтижелері бойынша:*

Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында бірінші, екінші немесе квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы кемінде 1 (бір) мақала (шолулар) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар немесе Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБССҚК тізбесі) ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар.

Постдокторантура кезеңінде Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ аффилиациясын көрсету міндетті болып табылады.

9.4 Постдокторант Ғылым департаментіне кафедра меңгерушісі куәландырған орындалған ҒЗЖ туралы жылдық есептің бір көшірмесін ұсынады.

9.5 Постдокторантты қорытынды аттестаттау жетекшілік ететін кафедра мен институттың Ғылыми кеңесінің отырысында ғылыми кеңесшінің міндетті түрде қатысуымен постдокторантураға қабылданған сәттен бастап үшінші жылдың соңында өткізіледі.

9.6 Постдокторанттардың қорытынды ғылыми баяндама жасауы:

- Web of Science деректер базасындағы импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдегі журналдарда кемінде 2 (екі) мақала немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 процентиль;

немесе:

- ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 5 (бес) мақала және (немесе) шолулар;

- рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған кемінде 6 б.т. постдокторанттың үлесі бар кемінде 1 (бір) монография болған жағдайда жүзеге асырылады.

9.7 Постдокторанттың көпшілік алдында баяндама жасауы ғылыми пікірталас сипатында болуы және жоғары талапшылдық, принциптілік және ғылыми этиканы сақтау жағдайында өтуі тиіс, бұл ретте ғылыми және практикалық сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың жаңалығы, негізділігі мұқият талдануы тиіс.

Институттың Ғылыми кеңесінің мүшелері постдокторант ұсынған ғылыми баяндама сараптамасының объективтілігінің сапасына, қабылданатын шешімдердің негізділігіне жауапты болады және постдокторант жасаған ғылыми жұмыстың постдокторантты аттестаттауға болатын критерийлерге сәйкестігін айқындау кезінде талапшылдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге шақырылады.

Институттың Ғылыми кеңесі постдокторантты қорытынды аттестаттау туралы екі шешімнің бірін ашық дауыс беру арқылы қабылдайды:

- аттестаттау;

- аттестаттауға болмайды.

9.8 Постдокторантты қорытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген нысандағы хаттамамен ресімделеді, ол әрбір постдокторантқа жеке толтырылады. Барлық хаттама бланкілері нөмірленуі керек. Хаттамаларды Ғылыми кеңес отырысының хатшысы толтырады және отырысқа қатысқан Ғылыми кеңестің төрағасы мен 3 мүшесі қол қояды. Отырыс аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар белгіленген тәртіппен сақтау үшін Ғылым департаментіне, бұдан әрі ЖОО архивіне беріледі.

9.9 Постдокторанттың аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін атқарылған жұмыс туралы есепке енгізілген мақалалар үшін күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша сыйақы беруге және/немесе ПОҚ жоспарланатын педагогикалық жүктемесін үш кредитке төмендетуге жол

берілмейді. Авторлары бірнеше постдокторанттар болып табылатын басылым олардың біреуіне ғана есептеледі.

9.10 Постдокторантты қорытынды аттестаттаудан өткізуді жалпы ұйымдастыру мен бақылауды кафедра меңгерушілері, ҒЗИ директорлары, институттар директорлары және Ғылым департаменті жүзеге асырады.

10 ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1 Университет постдокторантының Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы" Заңдарымен, ҚР ҒЖЖБМ нормативтік актілерімен, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Жарғысымен және Ішкі тәртіп ережелерімен айқындалатын құқықтары мен міндеттері бар.

10.2 Постдокторант жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

10.3 Постдокторант:

- жеке жоспарда көзделген жұмыс кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды уақтылы ұсынуға;
- есептерді тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтауға (ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік көшпелі тағылымдамалар туралы және т. б.);
- университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне тегі, тұрғылықты мекен-жайы және байланыс деректерінің өзгеруі туралы уақтылы хабарлауға;
- белгіленген мерзімде қорытынды аттестаттаудан өтуге;
- постдокторантураны бітіргеннен кейін Университетте кемінде 3 (үш) жыл және (немесе) ғылыми жарияланымдарда кемінде 3 (үш) жыл ішінде Университетті аффилиация ретінде көрсетуге міндетті.

10.4 Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамаған себепті постдокторантурадан шығарылған жағдайда, университеттің постдокторантқа постдокторантура кезеңінде (университет есебінен қаржыландырылған жағдайда) жұмсаған қаражатын өтейді.

10.5 Постдокторлық бағдарламаларды іске асыру процесінде туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10.6 Университет постдокторантының осы Қағидаларда көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

11 ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

11.1 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру саласындағы қызмет университеттің бюджеттік (ҚР РБ) немесе бюджеттен тыс қаражатынан, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) бағдарламалары мен гранттары шеңберінде қаржыландырылады.

11.2 Постдокторантура бағдарламасы 3 жылға дейін оқытуды көздейді және университетті бюджеттен тыс қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша постдокторантура бағдарламасының жеке жоспарын мерзімінен бұрын орындаған кезде постдокторантура бағдарламасы оқу мерзіміне қарамастан игерілген болып есептелуі мүмкін.

11.3 Бюджеттен тыс қаражат постдокторантурадан өтудің барлық кезеңінде ұзақтығы 30 күнтізбелік күннен аспайтын, бір реттен аспайтын шетелдік тағылымдамадан өтуге байланысты шығыстарды жабу үшін пайдаланылады.

11.4 Қаражат:

- реактивтермен, ақпарат көздерімен, жабдықты пайдаланумен және т.б. қамтамасыз ету үшін пайдаланылуы мүмкін.

1-қосымша

**Ізденушінің постдокторантура конкурсына
қатысуға өтінімі**

№		
1	Тегі, аты, жөні	
2	Туған күні	
3	Электрондық поштасы	
4	Байланыс нөмірі	
5	Ғылыми дәрежесі (бұйрықтың №)	
6	Лауазымы	
7	Аспирантурада/докторантурада оқу кезеңі	
8	Қорғалған диссертация тақырыбы	
9	Рейтингтік журналдардағы жарияланымдар саны	<i>сілтемелерді және жарияланымдардың баспа-таңбаларын көрсету</i>
10	Соңғы 5 жылдағы қаржыландыру көзін көрсете отырып, ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу туралы мәліметтер	
11	Басқа ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі	
12	Шет тілін меңгеру деңгейі	<i>растайтын сертификат</i>
13	Жоспарланған тақырып және зерттеу бағыты, аннотация	
14	Жетекші	

2-қосымша

Ізденушінің түйіндемесі

Тегі, аты, жөні	
Туған күні, байланыс нөмірлері	
Оқу, тағылымдамадан және т.б. өткен университеттердің (оның ішінде шетелдік) атауы	ЖОО толық заңды атауы, елі, қаласы, оқу кезеңі
Ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу	жобаның толық атауы, жобада кім ретінде жұмыс істеді, жобаны орындау кезеңі
Жобаға қатысушының ғылыми жетістіктері	(медальдар, дипломдар, патенттер, авторлық куәліктер және т. б.)
Қосымша ақпарат	

3-қосымша

Зерттеу қызметінің жоспары

№	Жұмыстардың атауы (толық)	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгеріс түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы